

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 114-VII ҚРЗ.

Баспасөз релизі

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

7-1) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) жеке арнайы шот – тұрғын үй төлемдерін алушылар тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызу және белгіленген мақсаттарға төлемдерді жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банкте ашатын ағымдағы банктік шот;"

"28) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй).

Модульдік (мобильді) тұрғын үй деп арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұруына арналған және соған пайдаланылатын, жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан объект түсініледі;"

44-3) тармақша "мен әскери қызметшілер" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған), аталған қызметкерлер мен әскери қызметшілердің отбасы мүшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 2-1-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;

3) 13-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнаулы мемлекеттік органдар, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің немесе әскери қызметшілердің, оның ішінде қызметтен шығарылғандардың отбасы мүшелерінің тобы осы Заңның 101-10-бабына сәйкес айқындалады.";

4-тармақтағы "2-тармағында көзделген негіздер бойынша" деген сөздер "2 немесе 2-1-тармағында көзделген негіз бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігінде:

5) тармақша "әскери" деген сөздің алдынан "жабық және оқшауланған" деген сөздермен толықтырылсын;

8-1) тармақшадағы "берілген;" деген сөз "берілген тұрғынжайларды жекешелендіруге болмайды." деген сөздермен ауыстырылып, 9) тармақша алып тасталсын;

8-тармақтың 7) және 7-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мыналар:

еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған;

еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған және жасына қарамастан мүгедек баланы (мүгедек балаларды), оның ішінде бала кезінен мүгедекті (мүгедектерді) асырап-бағып отырған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар.

Әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, осы тармақшаның бірінші бөлігінде аталған, тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оны өтеусіз жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді;

7-1) өз-өзіне қол жұмсау (өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізу жағдайларын қоспағанда), қылмыстық құқық бұзушылық жасау, алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) медициналық емес мақсатта тұтыну салдарынан қаза тапқанды (қайтыс болғанды) қоспағанда, еңбек сіңірген жылдарына қарамастан, қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган, ішкі істер органы қызметкерінің отбасы мүшелері";

10-тармақтың 3) тармақшасындағы "иеліктен шығарса, олар мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіре алмайды." деген сөздер "иеліктен шығарса;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде, 101-2-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде, 101-9-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін, өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса немесе осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша тұрғын үй төлемдерін пайдалана отырып,

міндеттемелерін орындаса, олар мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіре алмайды.";

4) 67-баптың 3-3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-3. Осы елді мекенде ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорының жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайлары тұрғынжайға мұқтаж деп танылған және тиісінше ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарының кадрларында тұрған адамдарға қызмет өткеру (еңбек қатынастары) кезеңіне беріледі.";

5) 74-баптың 1-тармағындағы "98-1-бабында" деген сөздер "98-1 және 98-2-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 96-баптың бірінші бөлігіндегі ", 101-1, 101-2" деген цифрлар алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 98-2-баппен толықтырылсын:

"98-2 бап. Коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайлардың құқықтық режимі

1. 1990 жылға дейінгі кезеңде пайдалануға берілген, меншік нысанын өзгерткен мемлекеттік кәсіпорынға тиесілі болған, мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғынжайында тұратын Қазақстан Республикасының азаматы өзі тұрып жатқан тұрғынжайды осы Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жекешелендіруге құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, коммуналдық меншікке берілген тұрғынжай онда тұратын жалдаушыға беріледі, ол оны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

3. Жалдаушы қайтыс болған жағдайда, осы тұрғынжайды жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

4. Тұрғынжайды жалдаушының коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіруі кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісуімен және кәмелетке толмағандардың құқықтары ескеріле отырып жүргізіледі.

5. Тұрғынжайды жекешелендіру жалдаушы (оның мұрагері) мен жергілікті атқарушы орган арасында жасалатын тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартпен ресімделеді.";

8) 101-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған әскери қызметшілер немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ

әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды өтеусіз жекешелендіруге құқылы.

Әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде аталған, қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.";

9) 101-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоспағанда) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің тұрғынжай құқығын іске асыруы осы тарауда белгіленген тәртіппен олар тұрғынжайға мұқтаж деп танылған күннен бастап қызметтік тұрғынжай беру немесе олардың жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдерін аудару арқылы жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларда тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру және тиісті жеке арнайы шотқа тұрғын үй төлемдерін аудару арқылы жүзеге асырылады.

Арнаулы мемлекеттік органдардың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері не олардың зайыбы (жұбайы) осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде немесе осы Заңның 101-2-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алған немесе осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаған немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған жағдайларда, тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғынжай алаңы осы Заңда белгіленген нормаға сай келетін қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, тиісті жеке арнайы шотқа тұрғын үй төлемдері аударылады, олар тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін ғана пайдаланылады.";

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "бесінші" деген сөз "жетінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке арнайы шотты тұрғын үй төлемдерін алушы өз бетінше ашады және оған қызмет көрсетеді.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің мемлекеттік тұрғын үй қорынан өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды осы Заңда белгіленген тәртіппен жекешелендіруге құқығы бар.

5. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқартылуына байланысты, қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша, өздеріне қатысты келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда немесе отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығарылған кезде мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген кезеңдері үшін:

1) бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдері;

2) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан бұрын берілген немесе әрбір қызмет өткеру орны бойынша меншік құқығындағы тұрғынжайда тұру кезеңдері шегеріле отырып, арнаулы мемлекеттік органдарға, Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қызметке кірген күннен бастап 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін, ал олар көрсетілген күннен кейін Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан ауыстырылған жағдайда 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрғын үй төлемдерін алады.

Бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды.

Жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқартылуына байланысты, қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша, өздеріне қатысты келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда немесе отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығарылған кезде тұрғын үй төлемдері көрсетілген тұрғынжайда тұрған кезеңдері үшін осы тарауға сәйкес айқындалған тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың күші арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, егер олар не олардың зайыбы (жұбайы):

1) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

2) осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінде, осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы Заңның 101-2-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші

бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

3) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемені орындаса;

4) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемені орындамаған жағдайды қоспағанда, осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болса, қолданылмайды.

Бұл ретте арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжай құқығы ол некеге тұрғанға дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.";

6-тармақта:

екінші бөлік "шегеріле отырып," деген сөздерден кейін "қызметкердің өзін қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер:

1) мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы арнаулы мемлекеттік органның қызметкері құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде немесе алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) тұтыну немесе өзіне қандай да бір дене зақымын (дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өз денсаулығына өзге де зиян келтіру салдарынан болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе;

2) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, қызметкер не оның зайыбы (жұбайы) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

3) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін қызметкермен не оның зайыбымен (жұбайымен) жасалған шарт бойынша міндеттеме орындалса;

4) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттеме орындалмаған жағдайларды қоспағанда, қызметкердің не оның зайыбының (жұбайының) осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болса;

5) қызметкер не оның зайыбы (жұбайы) өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

б) қызметкер не оның зайыбы (жұбайы) осы баптың 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, осы тармақтың бірінші бөлігінде немесе осы Заңның 101-2-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін алса, төленбейді.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжай құқығы ол некеге тұрғанға дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағындағы немесе жатақханадағы қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілген арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері осы тарауға сәйкес айқындалған тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер арнаулы мемлекеттік органның қызметкері не оның зайыбы (жұбайы):

1) осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы Заңның 101-2-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

2) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаса;

3) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса, төленбейді.";

10) 101-2-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, әскери қызметшілердің (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді қоспағанда) тұрғынжай құқығын іске асыруы осы тарауда белгіленген тәртіппен олар тұрғынжайға мұқтаж деп танылған күннен бастап қызметтік тұрғынжай беру немесе олардың жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдерін аудару арқылы, жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 7 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларда тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру және тиісті жеке арнайы шотқа тұрғын үй төлемдерін аудару арқылы жүзеге асырылады.

Әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде немесе осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алған немесе осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаған немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған жағдайларда, тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғынжай алаңы осы Заңда белгіленген нормаға сай келетін қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, тиісті жеке арнайы шотқа тұрғын үй төлемдері аударылады, олар тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін ғана пайдаланылады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары жасырын құрамының әскери қызметшілеріне тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, ал Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери барлау органдарының әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.";

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "төртінші" деген сөз "алтыншы" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке арнайы шотты тұрғын үй төлемдерін алушы өз бетінше ашады және оған қызмет көрсетеді.";

4, 5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскери қызметшілердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды осы Заңда белгіленген тәртіппен жекешелендіруге құқығы бар

Әскери қызметте 2013 жылғы 1 қаңтарға күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған, әскери қызмет мерзімі күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған және жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда тұратын әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ақшалай өтемақыны жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тұрғын үй төлемдері түрінде өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

Осы тармақта көзделген өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы, егер әскери қызметшінің не оның зайыбының (жұбайының):

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайы болса, төленбейді, бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды;

2) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

3) осы Заңның 101-1-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы баптың 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

4) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында өзіне тиесілі тұрғынжайды соңғы бес жыл ішінде иеліктен шығаруды жүргізсе, төленбейді.

Бұл ретте әскери қызметшіге осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжай құқығы ол некеге тұрғанға дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.

Өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақының мөлшері бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, республика бойынша орташа алғанда жаңа тұрғынжай сатудың бір шаршы метрінің құнын әскери қызметшінің өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр пайдалы алаңнан есептелетін тұрғынжай алаңына көбейту арқылы айқындалады.

Өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы төленген адамдар қызметтік тұрғынжайды ақшалай өтемақы төленген кезден бастап үш айдан кешіктірмей белгіленген тәртіппен тапсырады.

Егер ерлі-зайыптылардың екеуі де әскери қызметші болып табылса, өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы олардың таңдауы бойынша ерлі-зайыптылардың біреуіне төленеді.

Қызметтік тұрғынжай жекешелендіруге жатпайтын жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекітеді.

Осы тармақта көзделген жеңілдіктер бір рет қолданылады.

5. Әскери қызметшілер әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқартылуына байланысты, әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша, өздеріне қатысты келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда немесе отбасы жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған кезде мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген кезеңдері үшін:

1) бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдері;

2) бұрын Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген немесе әрбір қызмет өткеру орны бойынша меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрған кезеңдері шегеріле отырып, арнаулы мемлекеттік органдарға, Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қызметке кірген күннен бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрғын үй төлемдерін алады.

Бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды.

Жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрған әскери қызметшілерге әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқартылуына байланысты, әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша, өздеріне қатысты келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда немесе отбасы жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған кезде тұрғын үй төлемдері көрсетілген тұрғынжайда тұрған кезеңдері үшін осы тарауға сәйкес айқындалған тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың күші әскери қызметшілерге, егер олар не олардың зайыбы (жұбайы)

:

1) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

2) осы Заңның 101-1-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінде, осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

3) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемені орындаса;

4) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3) 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттеме орындалмаған жағдайларды қоспағанда, осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болса, қолданылмайды.

Бұл ретте әскери қызметшіге осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжай құқығы ол некеге тұрғанға дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.

6. Әскери қызметшілерге әскери қызмет өткеру кезеңінде алған, әскери-дәрігерлік комиссия әскери қызметшіні әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп таныған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы себебінен әскери қызметтен шығарылған кезде тұрғын үй төлемдері біржолғы ақшалай

өтемақы түрінде аударылады. Біржолғы ақшалай өтемақының мөлшері бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, әскери қызметшінің өзін қоса алғанда, оны қызметтен шығару кезіндегі отбасы құрамына сәйкес келетін пайдалы алаң нормасын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес, әскери қызметші әскери қызмет өткерген Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі жаңа тұрғынжай сатудың бір шаршы метрінің бағасына көбейту арқылы айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер:

1) мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы әскери қызметші құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде немесе алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) тұтыну немесе өзіне қандай да бір дене зақымын (дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өз денсаулығына өзге де зиян келтіру салдарынан болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе;

2) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

3) әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

4) әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) осы Заңның 101-1-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы баптың 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін алса;

5) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін әскери қызметшімен не оның зайыбымен (жұбайымен) жасалған шарт бойынша міндеттеме орындалса;

6) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттеме орындалмаған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметшінің не оның зайыбының (жұбайының) осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болса, төленбейді.

Бұл ретте әскери қызметшіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжай құқығы ол некеге тұрғанға дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.

7. Жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағындағы немесе жатақханадағы қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілген әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдері осы

тарауға сәйкес айқындалған тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер әскери қызметшілер не олардың зайыбы (жұбайы):

1) осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

2) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаса;

3) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса, төленбейді.

8. Қызметтік тұрғынжайларды күтіп-ұстау және орталықтандырылған жылыту мемлекет есебінен қамтамасыз етілетін жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекітеді.";

11-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

11) 101-3-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "арнаулы (әскери)" деген сөздер "әскери, арнаулы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) олардың осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болмаса, тұрғынжайға мұқтаж деп танылады, бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды.

Осы тармақшаның талабы осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша орындалмаған міндеттемесі бар арнаулы мемлекеттік органдардың, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне немесе әскери қызметшілерге қолданылмайды;

2) олардың Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан алған тұрақты пайдалануында тұрғынжайы болмаса;"

екінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнаулы мемлекеттік органдардың, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлерін және (немесе) әскери қызметшілерді, егер олар не олардың зайыбы (жұбайы):

1) өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақыны алу орны бойынша алса;

2) осы Заңның 101-1-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде немесе 101-2-бабы 5-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін алу орны бойынша алса;

3) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерін шартты ресімдеу орны бойынша орындаса;

4) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын құқықты іске асыру орны бойынша іске асырса;

5) зайыбының (жұбайының) некеге тұрғанға дейін тұрғынжайы болған жағдайды қоспағанда, өздері қызмет өткеріп жүрген елді мекенде тұруға жарамды тұрғынжайды соңғы бес жыл ішінде иеліктен шығаруды жүргізсе, тұрғынжайға мұқтаж деп танудан бас тартылады. Бұл жағдайда тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің иеліктен шығарылуы есепке алынбайды.";

12) 101-4-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "босатылған жағдайларда тоқтатылады." деген сөздер "босатылған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемені орындамаған жағдайларды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органның қызметкері немесе әскери қызметші қызмет орны бойынша берілген, жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағындағы қызметтік тұрғынжайдан бас тартқан;

7) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында өзге тұрғынжай сатып алған жағдайларда тоқтатылады, бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы не мұраға қалдырылған меншік құқығындағы тұрғынжайдың пайда болуы есепке алынбайды.";

13) 101-9-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік "шегеріле отырып," деген сөздерден кейін "өзін қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

2) тармақшадағы "немесе әкімшілік" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақша "(сол тектестерді)" деген сөздерден кейін "медициналық емес мақсатта" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 101-10-баптың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жұбайы (зайыбы);

"2) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған баланы (балаларды) қоспағанда, баласы (балалары), оның ішінде ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласы (балалары);

3) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған мүгедек баланы (мүгедек балаларды) қоспағанда, жасына қарамастан, ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүгедек баласы (мүгедек балалары), оның ішінде бала кезінен мүгедек (мүгедектер) жатады.";

15) 101-11-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "Ішкі істер" деген сөздер "Егер осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, ішкі істер" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарының қызметкері не оның зайыбы (жұбайы) осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде, 101-2-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алған немесе осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаған немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған жағдайларда, тұрғынжай құқығын іске асыру қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғынжай алаңы осы Заңда белгіленген нормаға сай келетін қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, оның жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдері аударылады, олар тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін ғана пайдаланылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жатақханадағы қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері осы тарауға сәйкес айқындалған тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдері, егер ішкі істер органдарының қызметкерлері не олардың зайыбы (жұбайы):

1) осы Заңның 101-1-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде және 101-2-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген тұрғын үй төлемдерін немесе өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы алса;

2) осы Заңның 101-5-бабының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген мақсаттарда, сондай-ақ кейіннен сатып алатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындаса;

3) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса, төленбейді.";

6-тармақтың төртінші бөлігінде:

2) тармақшадағы "немесе әкімшілік" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақша "(сол тектестерді)" деген сөздерден кейін "медициналық емес мақсатта" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың екінші бөлігіндегі "(сол тектестерден) масандануы немесе өзіне қандай да бір дене зақымын (өзінің дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өз денсаулығына өзге де зиян келтіру себебінен" деген сөздер "масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) тұтынуы немесе өзіне қандай да бір дене зақымын (өзінің дене мүшесіне зақым келтіру) немесе өз денсаулығына өзге де зиян келтіру салдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 109-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған әскери қызметшілер немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды (жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан қызметтік тұрғынжайларды қоспағанда) қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды (жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан қызметтік тұрғынжайларды қоспағанда) өтеусіз жекешелендіруге құқылы.

Әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, осы тармақта аталған, қызметтік тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оны жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді;"

4-тармақтағы "2-тармағында" деген сөздер "2 немесе 2-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 110-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қызметтік тұрғынжай осы Заңда көзделген шарттарда және тәртіппен басқа қызметтік тұрғынжайға айырбасталуы мүмкін.";

18) 111-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайды жекешелендіру құқығы жоқ адамдар өздерімен тұрып жатқан барлық адамдармен қоса басқа тұрғынжай берілместен шығарылуға жатады.".

2. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша:

"арнаулы (әскери)", "Арнаулы (әскери)" деген сөздер тиісінше "әскери, арнаулы", "Әскери, арнаулы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Әскери-медициналық бөлімшелер", "әскери-медициналық бөлімшелерінде және мекемелерінде", "әскери-медициналық бөлімшелер", "әскери-медициналық бөлімшелерде", "әскери-медициналық бөлімшелердің" деген сөздер тиісінше "Әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер", "әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде", "әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер", "әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде", "әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 5-тармағы:

"құқық қорғау қызметін" деген сөздерден кейін ", арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

"құқық қорғау қызметінен" деген сөздерден кейін "не арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте көрсетілген кезең лауазымдық айлықақыны айқындау үшін өтілін және (немесе) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде есепке жатқызылмайды.";

3) 9-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "Қызмет өткеру туралы келісімшарт", "Қызмет өткеру туралы келісімшартты", "қызмет өткеру туралы басқа келісімшартты", "Қызмет өткеру туралы келісімшартта", "Қызмет өткеру туралы келісімшарттың", "қызмет өткеру туралы келісімшарт" деген сөздер тиісінше "Келісімшарт", "Келісімшартты", "басқа келісімшартты", "Келісімшартта", "Келісімшарттың", "келісімшарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-бапта:

6, 7, 8, 11-тармақтардағы және 12-тармақтың екінші және бесінші бөліктеріндегі " қызмет өткеру туралы" деген сөздер алып тасталсын;

13-тармақтың бірінші бөлігіндегі "4), 5), 6), 7), 11), 12) және 13) тармақшаларында" деген сөздер "5), 6), 12-1) және 13) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;
5) 33-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "мекемелерде" деген сөз "бөлімшелерде, ал олар қызмет өткеру орны бойынша болмаған немесе оларда тиісті бөлімшелер болмаған жағдайда – медициналық ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың 8) тармақшасы "қызметкер" деген сөзден кейін ", құқық қорғау органдарының қызметкері немесе әскери қызметші" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 49-бапта:

1-тармақта:

4), 7) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) арнайы тексеру нәтижелері бойынша қызметті одан әрі өткеру мүмкін болмауына байланысты,";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Белгіленген мерзімдерді өткерген қызметкерлерді қызметтен шығару төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, оның қолданылу кезеңіне тоқтатыла тұрады. Бұл ретте олармен жасалған келісімшарттар төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезеңі бойы қолданыста болады.";

7) 51-бапта:

8 және 12-тармақтар алып тасталсын;

13-тармақтағы "жүргізуден бас тарту кезінде қызметтен шығару, егер қызметкер өзіне қатысты арнайы тексеру жүргізуден бас тартса немесе оны мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді ресімдеуді қажет етпейтін лауазымға тағайындау мүмкін болмаған кезде арнайы тексеру нәтижелері бойынша қызметкерге" деген сөздер " нәтижелері бойынша одан әрі қызмет өткеру мүмкін болмауына байланысты қызметтен шығару қызметкерді мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді ресімдеуді талап етпейтін лауазымға тағайындау мүмкін болмаған кезде арнайы тексеру нәтижелері бойынша оған" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Теріс себептер бойынша қызметтен шығару мынадай жағдайларда:

1) қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде – арнаулы мемлекеттік органға келіп түскен соттың айыптау үкімі және оны орындау туралы өкім негізінде;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғанда – келіп түскен сот үкімінің

және оның заңды күшіне енуі туралы өкімнің немесе прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органының қаулысы негізінде;

3) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған, қызметтік міндеттерін атқару кезінде психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну немесе масаң күйде болу фактісі анықталғанда, сондай-ақ одан өтуден бас тартқанда немесе жалтарғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

4) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған, қызметтен тыс уақытта есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну фактісі анықталғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

5) қызметкер келісімшарт талаптарын орындамағанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

6) жасалған күніне қарамастан, осы Заңның 7-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтер ұсынылмағанда немесе бұрмаланғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнаулы атақтан айырылғанда – арнаулы мемлекеттік органға келіп түскен соттың айыптау үкімі және оны орындау туралы өкім негізінде;

8) қызметте қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себептерсіз болмағанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуге немесе жоғалтуға, оларды жеткізгіштерді жоғалтуға алып келген, құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптар бұзылғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша;

10) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған жағдайларда;

11) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылық жасалғанда – жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Қызметкерлердің мынадай әрекеттері, оның ішінде қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың алдында арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда:

қызмет бабын жеке пайдакүнемдік мақсатта пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысу;

қызмет бабын пайдалана отырып жұмыстар орындау мен қызметтер көрсету және сол үшін сыйақы алу;

бюджет қаражатына немесе мемлекеттік мүлікке тікелей қызмет көрсететін қызметкердің кінәлі әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттер уәкілетті басшы тарапынан оған деген сенімді жоғалтуға негіз берсе;

қызметкердің арнаулы киім нысанында қоғамдық орынға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, алкогольдік немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынудан туындаған өзге де масаң күйде келуі;

ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысу арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кір келтіретін теріс қылықтар болып табылады.";

8) 72-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметкерлерге ақшалай ризық:

1) осы Заңның 33-бабы 4-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда штаттық емес лауазымдарда қызмет өткеру кезеңдері үшін;

2) қамауда немесе күзетпен ұстауда болған кезеңдері үшін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда төленбейді.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметкер теріс себептер бойынша қызметтен шығарылған жағдайда, ол сауықтыруға арналған жәрдемақы сомасын қызмет өткермеген уақытына пропорционалды түрде өтеуге міндетті.";

9) 73-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қызметкерлерге (жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағындағы қызметтік тұрғынжайда тұратын қызметкерлерден, сондай-ақ курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерде, арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен төленеді.";

5-тармақтың бірінші бөлігінің бесінші абзацындағы "4), 6), 7), 11) – 13)" деген цифрлар "6), 12-1) және 13)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"елу" деген сөз "бір жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы тармақта қызметкерлердің отбасы мүшелері деп:

1) жұбайы (зайыбы);

2) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған баланы (балаларды) қоспағанда, баласы (балалары), оның ішінде ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласы (балалары);

3) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған мүгедек баланы (мүгедек балаларды) қоспағанда, жасына қарамастан, ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүгедек баласы (мүгедек балалары), оның ішінде бала кезінен мүгедек (мүгедектер) түсініледі.

Бұл ретте, егер ерлі-зайыптылардың екеуі де қызметкерлер немесе олардың біреуі әскери қызметші болып табылса, онда әрбір отбасы мүшесіне бір айлық ақшалай қаражатының жартысы мөлшеріндегі отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен олардың біреуіне ғана төленеді.";

7-тармақта:

"4), 6), 7), 11) – 13)" деген цифрлар "6), 12-1) және 13)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тәртіппен" деген сөзден кейін "автомобиль жолының әр жиырма километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 75-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "(бұдан әрі – әскери-медициналық бөлімшелер)" деген сөздер алып тасталсын;

11) 76-баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "қызметкер және сержант құрамындағы лауазымды иеленетін қызметкерлерге арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткергені туралы келісімшарттың" деген сөздер "және сержанттық құрам лауазымын атқаратын қызметкерлерге арнаулы мемлекеттік органдарда келісімшарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 77-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "4), 6), 7), 11), 12), 12-1) және 13)" деген сөздер "6), 12-1) және 13)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың 5) тармақшасындағы "қызмет өткеру туралы келісімшарттың" деген сөздер "келісімшарт" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 78-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелеріне (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) қызметкер орын ауыстырған кезде, сондай-ақ қызметтен шығарылған кезінде, осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11) – 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа," деген сөздер "(курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелеріне, осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкер орын ауыстырған кезде, сондай-ақ қызметкер қызметтен шығарылған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің отбасы мүшелерінің қаза тапқан (қайтыс болған) адамның еңбек

сіңірген жылдарына қарамастан, тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайды өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.";

14) 79-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "4), 6), 7), 10) – 13)" деген цифрлар "6), 10, 12-1) және 13)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мемлекеттік наградалармен – ордендермен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік наградаларымен – ордендерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 80-баптың 5-тармағының 5) тармақшасындағы "қызмет өткеру туралы келісімшарт талабын бұзған іс-әрекеті" деген сөздер "келісімшарт талаптарын бұзған әрекеттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 84-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтік тұрғынжайлары болады, оларды қалыптастыру және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

3. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "жоғары оқу орны", "жоғары оқу орындарында", "жоғары оқу орнын", "жоғары оқу орындарының" деген сөздер тиісінше "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1) тармақшадағы "офицерлер және сержанттар (старшиналар) құрамдарының" деген сөздер "офицерлік және сержанттық құрамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда (бұдан әрі – Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) мемлекеттік қызметтегі немесе еңбек қатынастарында тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары;"

2), 3), 9), 19), 21), 23), 31), 44), 45) және 47) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ауыспалы құрам – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штат санына кірмейтін әскери, арнаулы оқу орындарында білім алып жатқан Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің санаты;

3) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткертін әскери қызметшілер – осы Заңда көзделген мерзімге Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтары;"

"9) әскери бөлімнің (мекеменің) штаты – құрамды, ұйымдық-штаттық құрылымды, жеке құрамның санын және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарақ пен әскери техникасы кадастрына сәйкес бекітіп берілген негізгі қару-жарақ пен әскери техниканың санын айқындайтын құжат;"

"19) әскери қызметтен шығару – әскери қызметшіні осы Заңда көзделген негіздер бойынша запасқа қойып немесе отставкаға шығара отырып, әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен алып тастау;"

"21) әскери лауазым – әскери қызмет функцияларын орындау үшін лауазымдық өкілеттіктер, лауазымдық және арнайы міндеттер жүктелген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штаттық бірлігі;"

"23) әскери міндеттілер запасы (бұдан әрі – запас) – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті әскери басқару органдарында әскери есепте тұратын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды толық жасақтау, жұмылдыра өрістету және шығынының орнын толтыру мақсатында пайдаланылатын, осы Заңда белгіленген жастағы әскери міндеттілер;"

"31) жеке құрам – әскери қызметшілер және азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер);"

"44) сарбаздар (матростар) – қатардағы құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

45) сержанттар (старшиналар) – сержанттық құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;"

"47) теңізге шығу – міндеттерді орындау үшін корабльдер, катерлер мен кемелер экипаждарының, әскери қызметшілердің теңізге шығуы;"

3) 6-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

7) тармақшадағы "тұрғын үймен" деген сөздер "тұрғынжаймен" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар." деген сөздер "арнаулы құралдарды, қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) өздерінің құқықтарын, лауазымдық және арнайы міндеттерін айқындайтын құжаттармен танысуға;

10) жеке ісіне енгізілгенге дейін өздерінің қызметтік жұмысы туралы пікірлермен және басқа да құжаттармен, жеке іс материалдарымен (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын арнайы тексеру материалдарын қоспағанда) танысуға, сондай-ақ жеке іске өздерінің жазбаша түсініктемелерін, басқа да құжаттар мен материалдарды қосуға;

- 11) өзінің және өз отбасы мүшелерінің дербес деректерінің қорғалуына;
- 12) медициналық қамтамасыз етілуге және санаториялық-курорттық емделуге;
- 13) зейнетақымен қамсыздандырылуға және әлеуметтік қорғалуға;
- 14) әскери қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып, тиісінше ұйымдастырушылық-техникалық және санитариялық жағдайларына;
- 15) демалысқа;
- 16) педагогтік, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар."

4) 7-бапта:

1-тармақтың 9) тармақшасындағы "қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "қамтамасыз етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдауға;

12) әскери мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

13) әскери қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттігімен ұштасатын немесе оларға қайшы келетін жағдайларда жазбаша нысанда баянат беруге және командирге (бастыққа) дереу хабарлауға;

14) әскери қызмет мүдделеріне зиян келтіретін жария сөйлеуге жол бермеуге;

15) командирге (бастыққа):

шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені;

егер өзіне белгілі болса, зайыбының (жұбайының) немесе өзінің жақын туыстарының шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті және (немесе) олардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

16) теріс себептер, аттестаттаудың қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен мемлекетке:

өзін әскери, арнаулы оқу орнында, оның ішінде шет мемлекетте оқытуға, біліктілігін арттыруға, курстық даярлауға, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша қайта даярлауға жұмсалған ақшаны;

Қазақстан Республикасы мен оқытатын ел арасында жасалған шарт сомасына барабар ақшаны өтеуге міндетті."

2-тармақ "адамдарының" деген сөзден кейін "лауазымдық және арнайы" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

6) 13-баптың тақырыбындағы "жоғары білім беру ұйымдарында" деген сөздер "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 15-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтар, мыналарды:

1) әскери-есептік мамандығы жоқ әйелдерді;

2) әскери қызметтен отставкаға шығарылған немесе запаста болудың шекті жасына толуына байланысты әскери есептен алып тасталған не әскери есептен алып тасталып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды;

3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жүрген адамдарды;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды;

5) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоспағанда, әскери есепке алынуға жатады.

2. Әскери есепке алуды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды олардың тұрғылықты жері немесе уақытша болатын (тұратын) орны бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады, ал олар жоқ елді мекендерде әскери есепке алуды кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері қамтамасыз етеді.";

8) 18-баптың 1-тармағында:

екінші бөліктің 1) тармақшасындағы "сарбаздар (матростар) құрамының" деген сөздер "қатардағы және сержанттық құрамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасындағы "сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамының" деген сөздер "қатардағы, сержанттық және офицерлік құрамдардың әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 19-бапта:

1-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қатардағы;

2) сержанттық;

3) офицерлік құрамға бөлінеді.";

2-тармақта:

1) тармақшаның бірінші абзацындағы "сарбаздар (матростар) құрамы" деген сөздер "қатардағы құрам" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның бірінші абзацындағы "сержанттар (старшиналар) құрамы" деген сөздер "сержанттық құрам" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 20-бапта:

төртінші бөлікте:

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сержанттық құрамға:";

2) тармақшаның екінші абзацы "жыл" деген сөзден кейін ", ал бес жыл әскери, арнаулы оқу орнындағы оқу мерзімі барларға – бір жыл" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктегі "Сарбаздар (матростар) құрамына" деген сөздер "Қатардағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 21-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тізбесін уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен лауазымдарға тағайындалатын әскери қызметшілерге және азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) қатысты уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер қолданыла отырып, тексеру жүргізіледі.";

5-тармақтың б) тармақшасындағы "жұбайымен (әскери қызметші зайыбымен)" деген сөздер "немесе Қазақстан Республикасы құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкері жұбайымен (зайыбымен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "мекемелерде" деген сөз "бөлімшелерде, ал олар әскери қызмет өткеру орны бойынша болмаған немесе оларда тиісті бөлімшелер болмаған жағдайда – медициналық ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 22-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

"Әскери" деген сөз "Қарулы Күштер мен әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

13) 23-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 26-бабы 1-тармағының 9) және 11) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен шығарылған адамдарды қоспағанда, Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда күнтізбелік есептеумен жиырма бес және одан көп жыл қызмет өткерген әскери қызметшілерге запасқа немесе отставкаға шығарылған кезде әскери киім нысанын киіп жүруге рұқсат етіледі.";

14) 24-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер әскери қызметші әскери қызметтен, қызметкер Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарынан, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметінен шығарылған күннен бастап және оны әскери қызметке қабылдаған күнге дейін үш айдан аспаса, оның көрсетілген кезеңде өзге де жеке және заңды тұлғалармен еңбек қатынастары болмаған жағдайда әскери қызметі үзіліссіз деп

есептеледі. Бұл ретте көрсетілген кезең лауазымдық айлықақыны айқындау үшін өтілін және (немесе) еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде есепке жатқызылмайды.";

15) 25-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "сарбаздар мен кіші сержанттар құрамының" деген сөздер "қатардағы және кіші сержанттық құрамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшілер Әскери қызмет өткеру қағидаларында белгіленген тәртіппен әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға шығарылуға жатады.

Жоғары кәсіптік даярлығы, атқаратын лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамды, әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшіге өзінің баянаты бойынша уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы онымен әскери қызмет өткеру туралы жаңа келісімшарт жасасу арқылы әскери қызмет мерзімін бес жылға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

Әскери қызмет мерзімін ұзарту туралы шешім әскери қызметшіні осы Заңда көзделген негіздер бойынша Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған және әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшіге әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамды болған жағдайда, өзі берген баянат негізінде Қазақстан Республикасының Президенті әскери қызмет мерзімін бес жылға дейін ұзартуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери қызметшілердің әскери қызметтегі шекті жасы запаста болудың шекті жасына сәйкес ұлғайтылады. Бұл ретте олармен жасалған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттар жұмылдыру, соғыс жағдайы мерзімі және соғыс уақыты аяқталғанға дейін қолданылады.";

16) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Әскери қызметтен шығару

1. Әскери қызметшіні әскери қызметтен шығару мынадай негіздер бойынша:

1) әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша;

2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімінің өтуі бойынша;

3) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің өтуі бойынша;

4) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп тану туралы қорытындысына байланысты денсаулық жағдайы бойынша;

5) әскери бөлім (мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметшіні басқа тең әскери лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған және ол төмен әскери лауазымға тағайындалудан бас тартқан кезде;

6) Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарына ауыстыруды қоспағанда, мемлекеттік қызметке немесе мемлекеттік мекемелерге ауысуына байланысты;

7) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуына байланысты;

8) уәкілетті мемлекеттік органның арнайы тексеру нәтижелері бойынша одан әрі әскери қызмет өткеру мүмкін болмауына байланысты;

9) аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша;

10) техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары әскери оқу орындарының түлектерін, сондай-ақ әскери интерндерді, магистранттарды, докторанттарды және адъюнкттерді шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберуге байланысты;

11) теріс себептер бойынша;

12) белгіленген мерзімді өткерген адамдар үшін төтенше жағдай күшінің жойылуына байланысты жүргізіледі.

2. Әскери қызметшіні теріс себептер бойынша әскери қызметтен шығару:

1) қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

3) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған, әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну немесе масаң күйде болу фактісі анықталған, сондай-ақ одан өтуден бас тартқан немесе жалтарған;

4) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған қызметтен тыс уақытта есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну фактісі анықталған;

5) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптары жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған;

6) жасалған күніне қарамастан, осы Заңның 38-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтер ұсынылмаған немесе бұрмаланған;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әскери атағынан айырылған;

8) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының немесе ішкі істер органының әскери қызметшісі қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмаған;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуге немесе жоғалтуға, оларды жеткізгіштерді жоғалтуға алып келген, құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптар бұзылған;

10) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған;

11) әскери қызметке кір келтіретін теріс қылық жасалған жағдайларда жүргізіледі.

Әскери қызметшінің мынадай әрекеттері, оның ішінде әскери қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың көз алдында әскери қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда:

қызмет бабын жеке пайдакүнемдік мақсатта пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық және арнайы міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысу;

қызмет бабын пайдалана отырып жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету және сол үшін сыйақы алу;

бюджет қаражатына немесе мемлекеттік мүлікке тікелей қызмет көрсететін әскери қызметшінің кінәлі әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттер уәкілетті лауазымды адам тарапынан оған деген сенімді жоғалтуға негіз берсе;

әскери қызметшінің әскери киім нысанында қоғамдық орынға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, алкогольдік немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынудан туындаған өзге де масаң күйде келуі;

ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысуы әскери қызметке кір келтіретін теріс қылықтар болып табылады.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің:

1) өзіне қатысты әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда;

2) отбасы жағдайлары бойынша:

өзі әскери қызмет өткеретін жергілікті жерде оның отбасы мүшесінің медициналық көрсетілімдер бойынша тұруы мүмкін болмаған және оны жаңа әскери қызмет орнына ауыстыру мүмкіндігі болмаған кезде;

отбасының басқа елді мекенге көшу қажеттілігіне байланысты әскери қызметші – жұбайының (әскери қызметші – зайыбының) әскери қызмет орнын өзгерткен;

тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімге мұқтаж не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалпыға бірдей

белгіленген зейнеткерлік жасқа толған немесе он сегіз жасқа толмаған адамдарға, заң бойынша аталған азаматтарды күтіп-бағуға міндетті басқа адамдар болмаған кезде, тұрақты күтім жасау қажет болған;

әскери қызметші анасыз (әкесіз) тәрбиелеп отырған он сегіз жасқа толмаған балаға (балаларға) күтім жасау қажет болған кезде;

3) Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайланған немесе тағайындалған жағдайда;

4) судья лауазымына сайланған немесе тағайындалған жағдайда, әскери қызметтен мерзімінен бұрын шығарылуға құқығы бар.

4. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші осы баптың 1-тармағының 2), 4) және 7) тармақшаларында, 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен шығарылады.

5. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшінің:

1) осы Заңның 35-бабының 9-тармағына сәйкес әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтініш берген адамдарды қоспағанда, отбасы жағдайының өзгеруі салдарынан әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе әскерге шақырудан босату құқығы туындаған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелге шығуға құқық берілетінін растайтын құжаттары болған кезде отбасы құрамында шетелде тұрақты тұрғылықты тұруға немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын отбасымен қосылу үшін кеткен жағдайларда мерзімінен бұрын қызметтен шығарылуға құқығы бар

6. Офицерлік құрамның әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшісінің осы Заңның 35-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мән-жайлар болған кезде әскери қызметтен мерзімінен бұрын шығарылуға құқығы бар.

7. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші – қайтыс болған (қаза тапқан) күні құжатпен расталған күннен кейінгі келесі күннен бастап, ал сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған әскери қызметші сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен шығарылады.

8. Белгіленген мерзімдерді өткерген әскери қызметшіні әскери қызметтен шығару төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, оның қолданылу кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте онымен жасалған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезеңі бойы қолданыста болады.

9. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша не әскери бөлім (

мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы еңбек сіңірген жылдары:

күнтiзбелiк 10 жылдан аз болғанға – үш айлық ақшалай қаражат;

күнтiзбелiк 10 жылдан 15 жылға дейiн болғанға – төрт айлық ақшалай қаражат;

күнтiзбелiк 15 жылдан 20 жылға дейiн болғанға – бес айлық ақшалай қаражат;

күнтiзбелiк 20 жылдан 25 жылға дейiн болғанға – алты айлық ақшалай қаражат;

күнтiзбелiк 25 жылдан 30 жылға дейiн болғанға – жетi айлық ақшалай қаражат;

күнтiзбелiк 30 жылдан астам болғанға – сегiз айлық ақшалай қаражат мөлшерiнде төленедi.

Келiсiмшарт бойынша әскери қызметке қайта кiрген кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысының мөлшерi, осы жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы бұрын әскери қызметтен не Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарынан қызметтен шығарылған кезде төленбеген жағдайларды қоспағанда, бұрын төленген жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы ескерiле отырып айқындалады.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзiмi өткен соң немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған кезде мерзiмдi әскери қызметтегi әскери қызметшiге жұмыстан шығу жәрдемақысы – бiр айлық есептiк көрсеткiш мөлшерiнде, ал жетiм балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан болған аталған әскери қызметшiге бес айлық есептiк көрсеткiш мөлшерiнде төленедi.

Жауынгерлiк iс-қимылдарға, терроризмге қарсы және (немесе) бiтiмгершiлiк операцияларына қатысқаны үшiн Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестiк Социалистiк Республикалар Одағының орденiмен (ордендерiмен) марапатталған әскери қызметшiге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшерi ақшалай қаражаттың екi айлықақысына ұлғайтылады.

Келiсiмшарт бойынша әскери қызмет өткерген және әскери қызметте болудың шектi жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе әскери бөлiм (мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған офицерлiк құрамның әскери қызметшiсiне еңбек сiңiрген жылдары үшiн зейнетақы төлемдерiне құқығы болмаған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысын төлеумен қатар әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бiр жыл бойы әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сақталады.

Бұл ретте, егер көрсетiлген мерзiм iшiнде әскери қызметшiлерге әскери атақ бойынша айлықақылары өсетiн болса, тиiсiнше әскери қызметтен шығарылған, офицерлiк құрамның әскери қызметшiлерiне төленетiн осы айлықақылар мөлшерi ұлғаяды.

10. Осы Заңның 37-бабының 6-тармағына сәйкес келiсiмшарт бойынша әскери қызметке кiрген қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшiлерi,

мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген, жиырма алты жасқа толмаған, бірақ он сегіз жастан кіші емес, бір жылдан аз қызмет өткерген немесе оқыған және келісімшарт бойынша әскери қызметтен шығарылған немесе әскери, арнаулы оқу орындарынан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттер мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін белгіленген тәртіппен әскери бөлімдерге (мекемелерге), бірақ кемінде үш ай мерзімге жіберіледі.

Бұрын мерзімді әскери қызмет өткермеген, он сегіз жасқа толмаған, бір жылдан аз оқыған және әскери, арнаулы оқу орындарынан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттер мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін белгіленген тәртіппен әскери қызметке шақыруға әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою үшін тұрғылықты жері немесе уақытша болу (тұру) орны бойынша жергілікті әскери басқару органдарына, бірақ кемінде үш ай мерзімге жіберіледі.

Әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттер үшін оқу уақыты мерзімді әскери қызмет мерзіміне есепке жатқызылады.

Үлгерімсіздігі, тәртіпсіздігі үшін, өз бастамасы бойынша, теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты әскери қызметтен шығару салдарынан әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберілген, сондай-ақ әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан курсант немесе кадет оқытудың бірінші жылының шығындарын қоспағанда, өзін әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңінде тамақтандыруды қамтамасыз етуге, стипендия төлеуге және жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке өтеуге міндетті.

Көрсетілген міндеттемелер әскери, арнаулы оқу орнындағы оқытудың бірінші жылы ішінде оқудан шығарып жіберілген және келесі курсқа көшірілмеген, мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін белгіленген тәртіппен әскери бөлімдерге (мекемелерге) жіберілген курсанттар мен кадеттерге қолданылмайды.

Оқудан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттерден мемлекет кірісіне ақшаны өндіріп алу мәселелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін заңды күшіне енген сот актілері бойынша қозғалған атқарушылық іс жүргізулер "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген ақшаны мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап қоюлар 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін оқудан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттерге беріледі.

Әскери, арнаулы оқу орнына қайта қабылдау немесе келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру оқу және (немесе) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру кезеңінде оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алуды тоқтата тұруға негіз болып табылады. Әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңі есепке алынбастан, күнтізбелік есептеумен келісімшарт бойынша он жыл әскери қызмет өткергеннен кейін (үшқыштар құрамы үшін – он бес жыл) оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алу тоқтатылады.

Әскери, арнаулы оқу орнын бітірген әскери қызметші теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша әскери қызметтен шығарылған жағдайда, оқытудың бірінші жылының шығындарын қоспағанда, курсанттар мен кадеттерді әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңінде тамақтандыруды қамтамасыз етуге, стипендия төлеуге және жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін қызмет өткерілмеген әрбір толық ай үшін пропорционалды түрде өтеуге міндетті.

Техникалық және кәсіптік білім беру (негізгі орта білім беру базасында) бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнының түлегі жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнына түспеген және әскери қызметті одан әрі өткеруден бас тартқан жағдайларда, өзін оқытуға жұмсалған ақша өтелместен, мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін әскери бөлімдерге (мекемелерге), бірақ кемінде үш ай мерзімге жіберіледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшіні оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу тәртібін құрылымында әскери, арнаулы оқу орны бар уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.

Әскери, арнаулы оқу орнын бітірген және бітіргеннен кейін он жыл қызмет өткермеген (ұшқыштар құрамы үшін – он бес жыл) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшісі не Қазақстан Республикасы құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкері теріс себептермен , Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша қызметтен шығарылған жағдайда, мемлекеттік органдар құрылымына әскери, арнаулы оқу орны кіретін мемлекеттік органды бұл туралы бір ай ішінде хабардар етуге міндетті.

11. Осы Заңның 47-бабында көзделген құқықты пайдаланған, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша әскери қызметтен шығарылған кезде өзін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытуға жұмсалған ақшаны өтеуге міндетті.

12. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты оны әскерге шақыру мерзімі ауыстырылған жағдайда әскери қызмет мерзімі өткенге дейін қызметтен шығарылуға жатады.

13. Әскери қызметтен шығарылған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметтен шығару туралы шешімге шағым жасауға құқылы.";

17) 31-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мерзімді әскери қызметке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті физикалық және моральдық-психологиялық қасиеттері бар азаматтар шақырылады.";

18) 32-баптағы "Жиырма тоғыз жасқа дейінгі, әскери қызметке жарамды запастағы офицерлер" деген сөздер "Әскери қызметке жарамды, жиырма тоғыз жасқа дейінгі запастағы офицерлер мен отыз екі жасқа дейінгі медициналық қызметтің запастағы офицерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақыру

Әскери міндеттілер:

1) жұмылдыру дайындығы жөніндегі республикалық іс-шаралар шеңберінде:

әскери басқару органдарына, Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) (аумақтық әскерлердің аумақтық органдарын қоспағанда) – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде;

әскери басқару органдарына, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) – Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бірінші басшысының бұйрығы негізінде;

2) аумақтық әскерлердің аумақтық органдарына жұмылдыру дайындығы, аумақтық қорғаныс дайындығы жөніндегі іс-шаралар шеңберінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің қаулысы негізінде әскери жиындарға шақырылады.";

20) 35-баптың 2-тармағында:

1) тармақшаның екінші бөлігінде:

екінші абзацтағы "әйелі" деген сөз "зайыбы" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші абзацтардағы "күйеусіз (әйелсіз)" деген сөздер "жұбайынсыз (зайыбынсыз)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша "азаматтарға" деген сөзден кейін "мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 38-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) курсанттарды, кадеттерді қоспағанда, он сегіз жастан кіші болмауға және әскери қызметте болудың шекті жасына толуға:

келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш рет кіретіндер үшін – он екі жыл және алты ай;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және қатардағы және кіші сержанттық құрамдардың әскери атақтары барлар үшін – он екі жыл және алты ай;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және кіші офицерлік және аға сержанттық құрамдардың әскери атақтары барлар үшін – он жыл;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және аға офицерлік немесе жоғары сержанттық құрамның әскери атақтары барлар үшін – бес жыл қалғанға дейін;" ;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) медициналық (әскери-дәрігерлік) комиссия келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз деп таныған;" ;

5) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) арнайы тексеруден өтпеген және (немесе) өзі не өзінің ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері) немесе зайыбы және оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;" ;

13) тармақшадағы "орындамаған;" деген сөз "орындамаған адам қабылданбайды." деген сөздермен ауыстырылып, 14) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Денсаулық жағдайына байланысты келісімшарт бойынша әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі." ;

22) 41-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Запаста болудың шекті жасына толмаған:

1) әскери немесе құқық қорғау қызметінен шығарылған;

2) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызметтен: қатардағы және сержанттық құрамдар қатарынан;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен;

теріс себептермен;

қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптарын орындамауға байланысты шығарылған;

3) әскери қызметке шақырудан босатылуына байланысты әскери қызмет өткермеген ;

4) жиырма жеті жасқа толғаннан кейін әскерге шақыруды кейінге қалдырудың берілуіне байланысты әскери қызмет өткермеген;

5) әскери-есептік мамандығы бар әйелдер;

6) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен;

7) Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқудан өткен адамдар запасқа алынды деп есептеледі.";

23) 42-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамы" деген сөздер "қатардағы және сержанттық құрамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамы" деген сөздер "қатардағы және сержанттық құрамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 44-бапта:

5-1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "мекемелер (ұйымдар, бөлімшелер)" деген сөздер "(медициналық) бөлімшелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік алып тасталсын;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде стационарлық емделуде (медициналық куәландыруда) болған кезде;"

8-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Курсанттарды, кадеттерді және әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді қоспағанда, әскери қызметшілер 100 километрден астам қашықтықтағы басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына (оның ішінде әскери бөлім (мекеме) немесе бөлімше құрамында) ауыстырылған кезде оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және әрбір отбасы мүшесіне:

1) жұбайына (зайыбына);

2) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған баланы (балаларды) қоспағанда, баласына (балаларына), оның ішінде ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласына (балаларына);

3) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған мүгедек баланы (мүгедек балаларды) қоспағанда, жасына қарамастан, ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүгедек баласына (мүгедек балаларына), оның ішінде бала кезінен мүгедекке (мүгедектерге) бір айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте, егер ерлі-зайыптылардың екеуі де әскери қызметші болып табылса немесе олардың біреуі Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкері болып табылса, онда әрбір отбасы мүшесіне бір айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшеріндегі отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен олардың біреуіне ғана төленеді.";

25) 46-баптың 7-тармағындағы "әйелдеріне (күйеулеріне)", "күйеулерінің (әйелдерінің)", "күйеуінің (әйелінің)" деген сөздер тиісінше "зайыптарына (жұбайларына)", "жұбайларының (зайыптарының)", "жұбайының (зайыбының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 47-баптың бірінші бөлігіндегі "Сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар)" деген сөздер "Қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 50-баптың 1-1-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын;

28) 51-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әскери қызметші әскери қызмет өткеру кезеңінде не әскери қызметтен шығарылғаннан кейін әскери қызмет өткеру кезеңінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы), ауруы салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, әскери қызметшінің мұрагерлеріне – соңғы атқарған әскери лауазымы бойынша бес жылдық ақшалай қаражат мөлшерінде, ал мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшінің, курсант пен кадеттің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттінің мұрагерлеріне 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төлемі жүргізіледі.

Әскери қызметшінің қаза табуына (қайтыс болуына) байланысты біржолғы ақшалай өтемақы оқиға болған күннен бастап үш жыл өткенге дейін төленеді және мүгедектіктің белгіленуіне байланысты бұрын төленген біржолғы ақшалай өтемақыға қарамастан жүзеге асырылады.";

3-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге оның әскери қызмет өткеру кезеңінде немесе әскери қызметтен әскери қызмет өткеру кезеңінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы), ауруы салдарынан шығарылған күннен бастап бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген жағдайларда біржолғы ақшалай өтемақы:";

екінші бөліктегі "Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер" деген сөздер "Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге, стипендия алатын курсанттар мен кадеттерге, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге осы тармақта көзделген жағдайларда:";

5) тармақша "біржолғы" деген сөзден кейін "ақшалай" деген сөзбен толықтырылсын ;

6-тармақта:

екінші бөліктегі "әйеліне (күйеуіне)" деген сөздер "зайыбына (жұбайына)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "әйелі (күйеуі)" деген сөздер "зайыбы (жұбайы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 53-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацындағы "мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне және әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттарына" деген сөздер " мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге, курсанттар мен кадеттерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "сержанттар (старшиналар) құрамына" деген сөздер "сержанттық құрамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Заңның 26-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен шығаруды қоспағанда, теріс себептермен әскери қызметтен шығару әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты қолданылмайды.";

30) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1-бап. Әскери қызметшілердің материалдық жауаптылығы

1. Әскери қызметшілер өздерінің кінәсінен келтірілген материалдық залал үшін ғана материалдық жауаптылықта болады.

Әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінен тыс залал келтірген әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Еңсерілмейтін күш және құқыққа сыйымды әрекеттер салдарынан келтірілген материалдық залал үшін әскери қызметшілерді материалдық жауаптылыққа тартуға жол берілмейді.

2. Әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінде абайсызда келтірілген материалдық залал үшін:

1) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, курсанттар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді қоспағанда, әскери қызметшілер, сондай-ақ офицерлік құрамның әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілері – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ тоғыз айлық ақшалай қаражаттан аспайтын мөлшерде;

2) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер, курсанттар мен кадеттер – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ бес айлық ақшалай ризықтан (стипендиялардан) аспайтын мөлшерде;

3) әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ өзінің бір айлық жалақысынан аспайтын мөлшерде материалдық жауаптылықта болады.

3. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда толық материалдық жауаптылықта болады.";

31) 55-бапта:

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, ақшалай өтемақы алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.";

6-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, тұрғынжай айырбастау құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, ақшалай өтемақы алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.";

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар)" деген сөздер "қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 26-бабы 1-тармағының 7), 9) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт мерзімі өткенге дейін әскери қызметтен шығарылған кезде;".

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ